

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 5 ақпандағы N 148 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1998 жылғы 3 сәуірдегі N 286. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 10 шілдедегі N 685 қаулысымен.

Республикалық мемлекеттік кәсіпорындарды және акционерлік қоғамдардағы акциялардың мемлекеттік пакеттерін басқаруды жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Мемлекеттік кәсіпорындар мен акциялардың мемлекеттік пакеті бар акционерлік қоғамдардың қызметін басқаруға контракті жүйесін енгізу жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 5 ақпандағы N 148 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж., N 7, 40-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулыға 1-қосымшада:

3-тармақ мынадай мазмұндағы үшінші абзацпен толықтырылсын:

"салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді (оның ішінде зейнетақы қорларына), сондай-ақ кәсіпорынның қызметкерлеріне жалақыны у а қ ы т ы л ы т ө л е у г е " ;

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Басшы осы контракті бойынша міндеттемелердің орындалмағаны үшін қолданылып жүрген заңдарда көзделген жауапкершілікте болады";

23-тармақтың қазақша мәтіні дұрыс;

26-тармақтағы "қылмыстық" деген сөз "Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген" деген сөздермен ауыстырылсын;

31-тармақтың үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"кәсіпорынның басшысы еңбек туралы заңдарда белгіленген тәртіпті сақтай отырып осы контрактіде көзделген міндеттемелерді орындамаған жағдайда, Жалдаушының бастамашылығы бойынша";

31-тармақ мынадай редакцияда жазылып, 32-тармақ болып есептелсін:

" 3 2 . Ж а л д а у ш ы :

жұмыстан босатуды бұйрықпен ресімдеуге және Басшының еңбек кітапшасындағы жазбаны дұрыс ресімдеуге;

жұмыстан босатылатын Басшыға еңбек кітапшасын босатылған күні беруге және онымен түпкілікті есеп айырысуды жүргізуге;

контракт тоқтатылған кезде 31-тармақтың үшінші абзацында көзделген тоқтатылу жағдайларынан басқа, белгіленген мөлшерде шығу жәрдемақысын төлеуге " ;

32-35-тармақтар 33-36-тармақтар болып есептелсін.

ЕСКЕРТУ. 1-тармағының 17-24 абзацтарының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 1999.09.30. N 1504 қаулысымен .

2. Республикалық мемлекеттік кәсіпорындарға қатысты уәкілетті орган болып табылатын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары осы қаулыға сәйкес мемлекеттік кәсіпорындардың басшыларын жалдау туралы жасалған келісім-шарттарға өзгерістер енгізсін.

3

ЕСКЕРТУ. 3-тармағының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 1999.09.30. N 1504 қаулысымен .

4. Мемлекеттік органдардың басшыларына бұрын банкрот деп танылған кәсіпорындардың басшыларымен жалдау келісім-шарттарын жасаспау ұсынылысын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі